

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDICINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	ОРИГИНАЛ
Биология және биохимия кафедрасы			46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)			36 беттің 1 беті

Силлабус
Биология және биохимия кафедрасы

«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)
6В10111-«Қоғамдық денсаулық» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат:		
1.1	Пән коды: MB 2209	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: «Медициналық биохимия»	1.7	Курс: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: Химия, Морфофизиология	1.8	Семестр: 4
1.4	Реквизиттен кейінгі: Эпидемиология негіздері	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 3
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖООК

2.	Пәннің мазмұны
Ақуыздардың биологиялық қызметі. Ақуыз, май және көмірсулар алмасуы. Катаболизм. Кребс Циклі. Су алмасуының физиологиялық және биохимиялық нормалары, ағзаның қышқылдық-негіздік жағдайы. Гомеостазды реттеу. Метаболизмдегі мембраналардың рөлі. Ферменттер. Витаминдер. Гормондар. Қан, жүйке, бұлшықет және дәнекер тіндердің биохимиясы. Сүйек тіндері, оның метаболизмінің қызметі және реттелуі. Зертханалық және функционалдық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіру.	

3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық жұмыс
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау	3.8	Басқа (көрсету)

4.	Пәннің мақсаты:
Білім алушыларда қалыпты және патологиялық жағдайда адам ағзалары мен ұлпаларында өтетін негізгі метаболиттік процестердің молекулалық механизмдері мен реттелуі, олардың ұлпалардағы ерекшеліктері жөнінде біртұтас көзқарас қалыптастыру, халықтың денсаулығы мен санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғаудағы тиімділігін бақылау үшін биохимиялық көрсеткіштерді қолдану, оларды сауатты интерпретациялау.	

5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН):		
ОН 1	Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, жай және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Мүшелер мен тіндердің тіршілік етуінің негізіне жататын, биохимиялық процестердің ерекшеліктері туралы білімге ие; организмнің метаболизміне қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерін сипаттайды.		
ОН 2	Гигиеналық бақылау тәжірибесінде биологиялық субстраттардағы (қан, зәр және т. б.) негізгі метаболиттерді анықтау бойынша биохимиялық зерттеулер жүргізеді; қан		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 2 беті

	биохимиялық процестердің ерекшеліктері туралы білімге ие; организмнің метаболизміне қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерін сипаттайды.
ОН 2	Гигиеналық бақылау тәжірибесінде биологиялық субстраттардағы (қан, зәр және т. б.) негізгі метаболиттерді анықтау бойынша биохимиялық зерттеулер жүргізеді; қан сарысуындағы арнайы ферменттердің белсенділігін анықтайды.
ОН 3	Организмнің биологиялық сұйықтықтарының негізгі референтті мәндеріне сүйене отырып, негізгі биохимиялық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялауға қабілетті; организмнің негізгі компоненттерінің (ақуыздар, липидтер, көмірсулар) метаболизміне, олардың метаболизм картасын қолдана отырып, зиянды экологиялық факторлардың әсерінен болатын зақымдану маркерінің сапасын болжау үшін биохимиялық зерттеу әдістерін қолданады.
ОН 4	Қоршаған ортаның жағымсыз факторларының әсерінен организмдегі метаболизмді талдау үшін өз пайымдауларын баяндау кезінде білімі мен іскерлігін; топпен жұмыс істеуде қабілетін; халықтың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған санитарлық-гигиеналық іс-шараларды жүргізуге қабілетін көрсетеді.

5.1.	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері	
	ОН 1 ОН 2	ОН1	Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тиімді сектораралық өзара іс-қимыл жасау үшін қазіргі заманғы тарихтың, философияның және әлеуметтік-саяси білімнің маңызды аспектілеріне негізделген қоғамдық денсаулықтың негізгі тұжырымдамалары мен әдістерін қолданады.
	ОН 3	ОН14	Ғылыми білімді қолдана отырып, халықтың денсаулығын сақтау саласында зерттеулер жүргізуге қабілетті.
	ОН 4	ОН7	Қоршаған ортаның сапасы, денсаулық жағдайы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы. Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі және халықтың көрсетілген медициналық қызметтерге қанағаттануы туралы деректерге мониторингі, талдауды және бағалауды жүзеге асырады.

6.	Пән туралы толық ақпарат:					
6.1	Кафедраның орналасқан жері: Өл-Фараби алаңы – 1, №1 бас ғимараты, 4 қабат, 400, 404, 406, 407, 408, 411, 413, 414 biology_biochemistry@mail.ru , ішкі: (АТС) 40-82-06. іш 1072					
6.2	Сағаттар саны	Дәріс	Тәж. саб	Зерт. саб	ОБӨЖ	БӨЖ
		5	25	-	9	51

7. Оқытушылар туралы мәлімет					
№	Аты-жөні	Дәрежесі	Әл.мекен-жайы	Ғылыми бағыты	Жетістіктер

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 3 беті

1.	Кенжебеков П.К.	х.ғ.к., профессор	kenzhebekov.p@gmail.com	«Исследование химического состава летучих аромато-образующих соединений в некоторых мясных продуктах».	42 ғылыми басылым, 1 оқулық
2.	Ордабекова А.Б,	биология магистры аға оқытушы	asmira75@mail.ru	«Микроэлементозы».	18 научных публикаций
3.	Асилбекова Г.К.	биология магистры аға оқытушы	shahats@mail.ru	«Микроэлементоздар».	10 ғылыми басылым
4.	Бейсебаева Л.М.	аға оқытушы	lyzzatb70@list.ru	«Организация клинико-диагностической лабораторной службы в современных условиях в РК»	
5	Қанжігітова М.Ж.	аға оқытушы	Molya_1503@mail.ru	Алқа және бұршақ тұқымдас өсімдіктерді гомологиялық қатарлар заңы бойынша зерттеу	10 ғылыми басылым
6.	Жиенбаева А.А.	оқытушы	alia.zhienbaeva@mail.ru		6 ғылыми басылым

8. Тақырыптық жоспары:

Апта/ күні	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту тех-ның формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1.	Дәріс: Биохимияға кіріспе. Ақуыздар. Ферменттер. Дәрумендер.	Тірі жүйелердің құрылымдық ұйымдастығы және қасиеттері. Жасушаның құрылымдық-функционалды ұйымдысуы. Ақуыздардың құрылымдық ұйымдастығы, физико-химиялық қасиеттері және биологиялық функциялары. Ферменттердің құрылымдық ұйымдасуы, жіктелуі және биологиялық функциялары. Әсер ету механизмі және кинетикасы. Изоферменттер.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары

		Ферменттер белсенділігінің реттелуі. Белсенділікті өлшеу бірліктері. Дәрумендердің жіктелуі және аталуы. Суда еритін витаминдердің құрылысы, биологиялық функциялары мен тағамдық көздері. Майда еритін витаминдердің құрылысы, биологиялық функциялары мен тағамдық көздері.				
	Тәжірибелік сабақ: Биохимияға кіріспе. Нәруыздардың құрылысы мен функциялары. Нәруыздардың жіктелуі.	Медициналық биохимия пәні және оның міндеттері. Биохимиялық зерттеу әдістері. Нәруыздардың жіктелуі, қасиеттері және қызметтері. Аминқышқылдары: құрылысы, жіктелуі, қышқылды-негіздік қасиеті, аминқышқылдардың изоэлектрлік нүктесі. Нәруыздардың құрылымдық ұйымдасуы. Доменді ақуыздар. Нәруыздардың денатурациясы мен ренатурациясы. Нәруыздар амфотерлі макромолекулалар ретінде. Нәруыздардың буферлі, коллоидты және осмотық қасиеттері. Нәруыздардың гидратациясы, тұздау.	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Жай және күрделі нәруыздар.	Нәруыздардың құрылымдық белгісіне қарай жіктелуі. Жай (альбуминдер, глобулиндер, протаминдер, проламиндер, гистондар және т.б.) және күрделі (хромопротеиндер, гликопротеиндер, липопротеиндер, фосфопротеиндер, металлопротеиндер, нуклеопротеиндер) нәруыздардың құрылысы мен функциялары. Биологиялық рөлі.	ОН4	1/3	презентация, белоктар құрылымын жазу, глоссарий	презентацияны сапалы дайындау мен қорғау деңгейін және реакция жазуын бағалау
2.	Дәріс: Көмірсулардың алмасуы.	Тағамдық көмірсулардың қорытылуы. Глюкозаның аэробты және анаэробты ыдырауы. Көмірсу алмасуының жеке жолдары. Көмірсулар алмасуының реттелуі және бұзылыстары.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары

3.	Тәжірибелік сабақ: Ферменттер.	Ферменттер. Ферменттік және ферменттік емес катализаторлардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Белсендіру энергиясы. Ферменттердің құрылыстық және функционалдық ұйымдастыруы. Апофермент, кофактор. Мультиферменттік комплекс. Ферменттердің активтілігінің бірліктері мен анықтау әдістері. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттік реакциялардың кинетикасы. Ферменттердің талғампаздығы. Фишер және Кошленд гипотезасы.	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ//БӨЖ Коферменттердің құрылысы мен биологиялық функциясы.	Коферменттердің құрылысы мен биологиялық функциясы. Изоферменттер. Мүше талғамды ферменттер. Суда еритін витаминдер: B1, B2, B6, B12, PP, C, биотин, пантотен қышқылы, фоли қышқылы.	ОН4	/3	презентация, эссе, коферменттердің химиялық құрылымын жазу	Презентацияны сапалы дайындау мен қорғау деңгейін, эссе жазуын және коф. формулаларын жазуын бағалау
	Тәжірибелік сабақ: Тағамдану биохимиясы.	Зат алмасуы мен энергия алмасуы туралы түсінік. Тиімді тамақтанудың биохимиялық негіздері (ақуыздар, майлар, көмірсулар). Ас қорыту биохимиясы. Асқазан сөлінің құрамы. Тағамның алмастырылмайтын факторлары. Алмастырылмайтын аминқышқылдары, дәрумендер, минералдық заттар. Микроэлементтер. Микроэлементтердің көздері (темір, мырыш, мыс, кобальт, селен, марганец, йод, фтор), локализациясы және сақталу формасы, биологиялық рөлі.	ОН2 ОН3	1	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ//БӨЖ Адам тағамының	Адам тағамының құрамы. Органикалық және минералды компоненттері. Тағам және су	ОН4	1/3	презентация, ғылыми	презентацияның сапасы мен презентациян

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 6 беті

	құрамы.	құрамындағы микроэлементтердің жетіспеушілігі нәтижесінде пайда болған аймақтық патология.			мақалаға сараптама, глоссарий	ы қорғау деңгейін бағалау, ғылыми мақаланы талдай білу және белгілі ғылыми түсініктерді қалыптастыру түсінігін бағалау
4	Дәріс: Липидтердің алмасуы.	Адам тіндерінің липидтері. Тасымалдаушы липопротеиндердің құрамы мен құрылысы. Май қышқылдарының бетта тотығуы. Май қышқылдарының синтезі. Липидтердің ішіктегі ресинтезі. Липидтер қорлануы мен мобилизациясының реттелуі.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Биоэнергетика.	Энергия алмасуының сатылары. Тағамдық заттар катаболизмінің жалпы және арнайы жолдары. Пируваттың тотығып декарбоксилденуі. Пируватдегидрогеназды комплекс құрылысы. Макроэргтік қосылыстар (АТФ ролі). Үш карбон қышқылдары айналымы, негізгі міндеттері. Кребс айналымының сутегірегенирлеуші реакциялары. Субстратты фосфорлану. Тотығып фосфорланудың ажыратқыштары мен тежеушілері. Митохондрийден тыс НАДН2 тотығуы.	ОН1 ОН4	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер

	ОБӨЖ//БӨЖ Биоэнергетика.	Электрон тасымалдаушы митохондриялық тізбектегі ферменттердің құрылысы мен қасиеті. Тотыға фосфорлану. Тыныс алу мен фосфорланудың қосарлануы. Митчелл теориясы. Фосфорсыз тотығу және оның маңызы. Фосфорлану, тыныс алу және дегидрогеназа ферменттерінің ингибиторлары. Тыныс алу мен фосфорланудың ажыратқыштары.	ОН4 ОН5	/3	презентация, эссе, глоссарий	биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, органикалық қосылыстардың химиялық формуласын жазу
5	Дәріс: Нәруыздар мен аминқышқылдарының алмасуы.	Ақуыздардың асқазан-ішек жолында қорытылуы. Ақуыздардың ішекте шіруі. Аминқышқылдары метаболизмінің жолдары. Жеке аминқышқылдар алмасуының ерекшеліктері. Пуринді нуклеотидтер метаболизмінің ерекшеліктері. Пиримидинді нуклеотидтер метаболизмінің ерекшеліктері. Нуклеотидтер мен аминқышқылдары дәрілік препараттар ретінде. Ақуыздар, липидтер және көмірсулар алмасуының өзара байланысы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Көмірсулардың алмасуы (катаболизм).	Көмірсулар, жіктелуі, биологиялық рөлі. Организмдегі көмірсу алмасуының негізгі сатылары. Көмірсулардың қорытылуы мен сіңірілуі. Бауырдың глюкостатикалық қызметі. Анаэробты гликолиз. Аэробты гликолиз, локализация, үрдістің кезектілігі, лактатдегидрогеназа изоферменттері. Кори айналымы, маңызы. Пентозофосфат айналым, маңызы.	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ//БӨЖ Адам тіндерінің негізгі көмірсуларының құрылысы мен	Адам тіндерінің негізгі көмірсуларының құрылысы мен биологиялық рөлі. Гликолиздің және глюкозаның пентозафосфаттық жолмен ыдырауының өзара байланысы. Глюконеогенез және гликолиздің өзара байланысы. Гликогеннің биосинтезі, оның	ОН4 ОН5	1/3	Биохимиялық процесстердің реакциясын жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентация

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 8 беті

	биологиялық рөлі.	фосфоролиз және амилолиз жолдарымен ыдырауы.				ны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
6.	Тәжірибелік сабақ: Көмірсулардың алмасуы. Зертханалық практикум:	Гликоген, биологиялық рөлі. Гликогенолиз, амилолиз және фосфоролиз. Гликогеннің ыдырауы және түзілу процесстерінің өзара қатынысы. Гликогеноздар мен агликогеноздар. Ағзада көмірсу алмасуының реттелуі. Көмірсу алмасуының бұзылуына әкелетін факторлар. Көмірсу алмасуының патологиялары (гипергликемия, гипогликемия). Қандағы глюкозаны анықтаудың диагностикалық маңызы. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуында глюкозаның мөлшерін анықтау».	ОН1 ОН2	1	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Көмірсу алмасуының патологиясы.	Көмірсу алмасуының патологиясы (гипергликемия, гипогликемия). Тұқым қуалаушы патологиялар кезінде моносахаридтер мен дисахаридтер алмасуының өзгерістері. (галактоземия, фруктоземия, лактоземия). Көмірсу алмасуының реттелуі мен бұзылыстары.	ОН4 ОН5	/3	Биохимиялық процесстердің реакциясын жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
7.	Дәріс: Бауыр және бүйрек биохимиясы. Ұлпалар биохимиясы.	Бауырдың құрамы, құрылысы, қызметі және оның зат алмасудығы рөлі. Бауырдағы бөгде заттар метаболизмі. Бүйректің құрамы, құрылысы, қызметі және оның зат алмасудығы рөлі. Бүйректегі заттар алмасуының ерекшеліктері. Бүйрек құрылысы, несеп түзілу механизмі. Қан биохимиясы, химиялық құрамы және организмдегі қызметі. Метаболизмнің нейро-гуморалді және өзін-өзі ретттеу механизмдері. Дәнекер, бұлшық ет, сүйек және тіс тіндерінің химиялық құрамы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары

		Биологиялық рөлі.				
	Тәжірибелік сабақ: Липидтердің алмасуы: катаболизм	Липидтердің жіктелуі, химиялық құрылысы және биологиялық қызметтері. Организмдегі липидтер алмасуының сатылары. Асқорыту жолындағы липидтердің қорытылу механизмі, осы процеске қатысатын ферменттер. Өт қышқылдарының химиялық табиғаты және липидтердің қорытылуы мен сіңірілуіндегі рөлі. Хиломикрондардың, ТЖЛП, ТТЛП және ТӨТЛП метаболизмі. Жасуша ішілік липолиз. Глицериннің тотығуы. Май қышқылдарының тотығуы. Энергетикалық баланс. Қанықпаған және тақ көміртекті санды май қышқылдарының тотығуы.	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ	«Нәруыздардың құрылысы мен биологиялық қызметтері, жіктелуі», «Ферменттер», «Биологиялық мембраналардың құрылысы мен функциялары. Тағамдану биохимиясы. Витаминдер.» «Зат және энергия алмасу», «Көмірсу алмасуы»	ОН1 ОН4	1/3	Бақылау сұрақтары, тесттік тапсырмалар, жағдайлық есептер	Бақылау сұрақтарын, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді шешуін бақылау
	№1 аралық бақылау.	Дәріс, практикалық сабақтар және өзіндік жұмыс (1-7 тақырып) тақырыптары бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруін бақылау.	ОН1 ОН4	5	Ауызша және жазбаша. билет сауалнамасы немесе тестілеу	Ауызша жазбаша сауалнама
8.	Тәжірибелік сабақ: Май қышқылдарының биосинтезі. Зертханалық практикум	Май қышқылдарының биосинтезі. Үшглицеридтердің биосинтезі. Фосфоглицеридтер мен фосфатид қышқылының биосинтезі. Қолдану жолдары. Триглицеридтер биосинтезі. Кетонды денелердің биосинтезі. Холестерин биосинтезі, организмнен шығарылуы. Липид алмасуының реттелуі және бұзылуы. Липид алмасуы бұзылуының биохимиялық негіздері. Липид алмасуының патологиясы (гиперлиппротеинемия, бауырдың майлануы, кетонемия,	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 10 беті

		гиперхолестеринемия, атеросклероз). Липидтер алмасуының реттелуі. Липидтердің дәрілік препараттар ретінде қолданылуы. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуындағы жалпы холестериннің концентрациясын анықтау».				
	ОБӨЖ/БӨЖ Стероидтардың алмасуы.	Стероидтардың алмасуы. Организмнен холестерин мен өт қышқылдарының бөлінуі. Өт қышқылдары және олардың рөлі. Организмдегі холестериннің тасымалдануы. Организмнен холестерин мен оның метаболиттерінің шығарылуы.	ОН4 ОН5	1/3	презентация, эссе, глоссарий	Дұрыс және сауатты эссе жазуын, презентациян мен глоссарийді сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
9.	Тәжірибелік сабақ: Нәруыздар мен аминқышқылдарының алмасуы.	Нәруыздық тағамдану. Нәруыздардың биологиялық бағалығы. Азотты баланс. Ас қорыту жолындағы нәруыздардың қорытылуы. Аминқышқылдарының сіңірілуі және өзгерістері. Ақуыздардың ішекте шіруі. Несепте индикан және гиппур қышқылын анықтаудың клиникалық маңызы. Аминқышқылдарының катаболизмінің жалпы жолдары: трансаминдену, дезаминдену, декарбоксилдену. Биогенді аминдер. Биогенді аминдердің тотығуы және моноаминооксидазалар ингибиторлары. Аммиактың залалсыздандырылуы. Мочевина түзілуінің орнитинді циклі. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуында мочевинаны анықтау».	ОН1 ОН2	1	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Ұлпалардағы нәруыздардың амин қышқылдарына дейін ыдырауы	Ұлпалардағы нәруыздардың амин қышқылдарына дейін ыдырауы. Фенилаланин, тирозин, глицин, серин және пролин алмасуының ерекшеліктері. Аммиакты залалсыздандыру жолдары. Креатиннің, медиаторлардың, гистаминнің, γ-аминомай қышқылының (ГАМК) және катехоламиндердің амин	ОН4 ОН5	/3	биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентация

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 11 беті

		қышқылдарынан түзілуі. Қабынудың және аллергиялық реакциялардың дамуындағы гистаминнің рөлі. Антигистаминдік препараттар. Биогендік аминдер. Биогенді аминдердің тотығуы (моноаминооксидазалар), MAO тежеушілері. Амин қышқылдарының дәрілік препараттар ретінде қолданылуы.				ясын сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
10.	Тәжірибелік сабақ: Гемпротеиндер мен нуклеопротеиндердің алмасуы. Зертханалық практикум:	Нуклеопротеидтердің қорытылуы мен сіңірілуі. Пуринді және пиримидинді негіздердің биосинтезі мен ыдырауы. Гиперурикемия. Подагра. Оратоцидурия. Нәруыздар, көмірсулар және липидтер алмасуының өзара байланысы. Гемоглобин ыдырауы және синтезінің негізгі сатылары. Нәжіс, несеп және өт пигменттерінің түзілуі. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуындағы несеп қышқылының концентрациясын анықтау».	ОН2 ОН3	2	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Өт пигменттерінің алмасуының патологиясы.	Өт пигменттерінің алмасуының патологиясы. Гемоглобиннің қалыпты және патологиялық түрлері. Бауырда билирубиннің залалсыздануының жолдары.	ОН4 ОН5	1/3	презентация, эссе, глоссарий	презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
11.	Тәжірибелік сабақ: Гормондар биохимиясы.	Метаболизмнің нейро-гуморальді және өзін-өзі реттеу механизмдері. Метаболитті процесстер реттелуінің субжасушалық тетіктері. Зат алмасуының нейро-эндокринді реттелуі. Гормондардың әсер ету механизмдері. Гипофиз және гипоталамус гормондары. Қалқанша және қалқанша маңы безінің гормондары, нысана жасушалар, гипо-және гиперқызметтері. Асқазан асты безінің гормондары, нысана	PO2 PO3	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер

		жасушалар, гипо-және гиперқызметтері. Бүйрекүсті безінің миы қабаты гормондары, нысана жасушалары, гипо және гиперқызметтері. Тимус гормондары, нысана жасушалары, гипо және гиперқызметтері.				
	ОБӨЖ/БӨЖ 1. Гипоталамус және гипофиз гормондары. 2. Зат алмасуының гормонды реттелуі.	Гипоталамус және гипофиз гормондары. Глюкагон мен инсулиннің әсер ету механизмдері және ұйқы безінің гормондық қызметінің бұзылуы. Көмірсулар, липидтер және аминқышқылдары метаболизмінің гормондық реттелуі. Фосфат-кальций алмасуының гормондық реттелуі. Су-тұз алмасуы.	ОН4 ОН5	/3	презентац ия, эссе, глоссарий	презентаци яны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
12.	Тәжірибелік сабақ: Су-тұз алмасуы. Бүйрек биохимиясы.	Макро- және микроэлементтердің биологиялық рөлі. Тұз-су алмасуы, кезеңдері. Адам организміндегі судың рөлі. Тұз-су алмасуына гормондардың әсері. Бүйрек ұлпаларындағы метаболизм ерекшеліктері. Бүйректің құрылысы, зәрдің түзілу механизмі. Несептің қалыпты жағдайдағы химиялық құрамы, физика-химиялық қасиеттері. Несептік патологиялық құрамы (глюкоза, белок, қан, кетонды денелер, билирубин). Несептің қалыпты және патологиялық жағдайдағы маңызды компоненттерінің сипаттамасы. Диурезге альдостерон мен вазопрессинттің әсер ету механизмі.	ОН1 ОН2	1	семинар, жағдайлы қ есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмал ардың орындалуы н бағалау, жағдайлық есептер

	ОБӨЖ/БӨЖ Антидиуреттік гормон, альдостерон және ренин-ангитензинді жүйе.	Антидиуреттік гормон, альдостерон және ренин-ангитензинді жүйе.	ОН4 ОН5	1/2	презентация, эссе, глоссарий	презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
13.	Тәжірибелік сабақ: Бауыр биохимиясы. Организмдегі улы заттардың залалсыздандырылуы.	Бауырдың құрамы, құрылысы және биологиялық қызметтері. Бауырдың нәруыз, көмірсу және липид алмасуындағы биологиялық ролі. Ксенобиотиксерті залалсыздандыру механизмдері. Микросомальді тотығу. Конъюгация- заттарды залалсыздандырудың екінші фазасы. Ксенобиотиктердің организмнен шығарылуы. Бауырда табиғи, бөгде және дәрілік заттардың залалсыздануы механизмдері. Заттар биотрансформациясындағы ферменттер белсенділігіне әсер етуші факторлар.	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Бауырдағы детоксикация механизмдері. Бауырдағы этанол метаболизмі.	Бауырдағы детоксикация механизмдері. Бауырлық химиялық канцерогенез. Бауырдағы этанол метаболизмі.	ОН4 ОН5	/3	презентация, эссе, глоссарий	презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 14 беті

						бағалау
14.	Тәжірибелік сабақ: Қан биохимиясы.	Қанның химиялық құрамы. Қанның негізгі қызметтері. Қан сарысуының ферменттері. Индикаторлық ферменттерді анықтаудың диагностикалық маңызы. Қан сарысуының нәруыздары. Қалыпты, гипо-, гипер-, пара-, диспротеинемия. Қан сарысуының жеке нәруыздары, өткір жүйесінің нәруыздары, комплементарлық жүйесі. Қанның нәруызсыз азотты заттары. Азотемия. Қанның биохимиялық көрсеткіштерін анықтаудың диагностикалық маңызы. Эритроциттер мен лейкоциттердегі метаболизм ерекшеліктері. Қан ұю биохимиясы. Қан ұюының ішкі және сыртқы механизмдері. Гемостаз реттелуі.	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер
	ОБӨЖ/БӨЖ Қан ұю процесі.	Қан ұю процесі. Қан ұюы факторлары. Гемостаз механизмі, тромбының түзілу кезеңдері. Фибринолиз жүйесі. Қан ұюына қарсы жүйе. Антитромбиндер және гепарин.	ОН4 ОН5	1/2	презентация, ғылыми мақалаға сараптама, глоссарий	презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау және ғылыми мақалаға сараптама жүргізу деңгейін бағалау
15.	Тәжірибелік сабақ: Ұлпалар биохимиясы.	Дәнекер тіндерінің құрылысының және химиялық құрамының ерекшеліктері. Дәнекер тінінің органикалық және бейорганикалық құрамы. Қартаю және коллагеноздар кезіндегі дәнекер тінінің өзгерістері. Дәнекер тіні метаболизміне әсер етуші факторлар. Бұлшықет тінінің химиялық құрамы, биологиялық қызметтері. Бұлшықет тінінің түрлері (көлденең жолақты, жүректік және тегіс), құрамының ерекшеліктері. Бұлшықет жиырылуының механизмдері. Тегіс бұлшықет жиырылуы. Бұлшықет созылуы.	ОН1	1	семинар, жағдайлық есептер	Ауызша сұрау, тесттілік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептер

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 15 беті

		Бұлшық ет жұмысына арналға энергия көздері. Бұлшықет дистрофиясы. Сүйек және тіс тіндерінің органикалық және бейорганикалық құрамы. Сүйек және тіс тіндеріндегі минерализация және деминерализация процесстері. Сүйек және тіс тіндері метаболизміне әсер етуші факторлар. Жүйке тінінің химиялық құрамы, биологиялық қызметтері. Жүйке талшықтарының құрылысы. Жүйке импульсінің пайда болу және жүру механизмдері. Әрекет потенциалы дамуының ингибиторлары. Ликвордың химиялық құрамы, биологиялық қызметтері.				
	ОБӨЖ/БӨЖ	«Липидтер алмасуы», «Нәруыздар мен аминқышқылдары алмасуы», «Гормондар биохимиясы», «Бауыр мен бүйрек биохимиясы», «Қан биохимиясы», «Ұлпалар мен мүшелер биохимиясы».	ОН4 ОН5	1/2	Бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары, жағдайлық есептер	Бақылау сұрақтарын, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді шешуін бақылау
	№2 аралық бақылау.	Дәріс, практикалық сабақтар және өзіндік жұмыс (1-7 тақырып) тақырыптары бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруін бақылау.	ОН1 ОН4	4	Ауызша және жазбаша. билет сауалнамасы немесе тестілеу	Ауызша жазбаша сауалнама
Аралық аттестаттауға дайындық және өткізу:				9с		
Жалпы сағат саны:				90с		

9.	Оқыту әдістері	
9.1	Дәріс	Шолу.
9.2	Тәжірибелік сабақ	Зертханада тәжірибелік жұмыстарды орындау, шағын топтарда жұмыс, жағдайлық есептерді шешу, тестілеу, ауызша және жазбаша жауап.
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Презентация, тақырып бойынша глоссарий, биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, органикалық қосылыстардың химиялық формуласын жазу, тақырып бойынша эссе жазу.
9.4	Аралық бақылау	Аралық бақылау ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу түрлерінде жүргізіледі.

10. Бағалау критерийлері

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, жай және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Мүшелер мен тіңдердің тіршілік етуінің негізіне жататын, биохимиялық процестердің ерекшеліктері туралы білімге ие; организмнің метаболизміне қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерін сипаттайды.	1. Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі жоқ; 2. Метаболизм процестерінің жүруі мен реттелуінің молекулалық механизмдерін және олардың бұзылуының мүмкін салдарын түсінбейді; 3. Қалыпты және патологиялық жағдайдағы адам ағзасындағы биологиялық	1. Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі бар; 2. Метаболизм процестерінің жүруі мен реттелуінің молекулалық механизмдерін және олардың бұзылуының мүмкін салдарын түсінеді; 3. Қалыпты және патологиялық жағдайдағы адам	1. Организмде жүретін биохимиялық үрдістерді сипаттау үшін биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының құрылысы туралы білімді қолдана алады. 2. Биохимиялық үрдістерді катализдейтін ферменттерін көрсете отырып биохимиялық үрдістердің реакцияларын сауатты және нақты жазады, сонымен қатар организмдегі метаболизмнің жүруі мен реттелуінің молекулалық механизмін толық түсінеді. 3. Организмнің қалыпты және патологиялық жағдайын талқылау үшін	1. Организмде жүретін биохимиялық үрдістерді сипаттау кезінде биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының құрылысы туралы білімді өте жақсы көрсете алады. Осы тақырыпты талдайды және алдыңғы оқу материалы мен байланыстыра алады. 2. Биохимиялық үрдістерді

		сұйықтықтардың негізгі биохимиялық константаларын білмейді. 4. Мүшелер мен тіндердің химиялық құрамы және биологиялық қызметтері туралы білімі жоқ. 5. Организмдегі дәрілік заттардың метаболизмі туралы білімі жоқ.	ағзасындағы биологиялық сұйықтықтардың негізгі биохимиялық константаларын біледі. 4. Мүшелер мен тіндердің химиялық құрамы және биологиялық қызметтері туралы шектеулі білімге ие; 5. Организмдегі дәрілік заттардың метаболизмі туралы үстіртін білімге ие.	негізгі биохимиялық тұрақтылар туралы білімді қолданады. 4. Мүшелер мен тіндердің химиялық құрамы және биологиялық қызметтері туралы жеткілікті білімге ие; 5. Организмдегі дәрілік заттардың метаболизмін түсіндіру үшін организмдегі заттардың метаболизмі туралы алған білімдерін қолданады.	катализдейтін ферменттерін көрсете отырып биохимиялық үрдістердің реакцияларын ешқандай қиындықсыз жаза алады, сонымен қатар организмдегі метаболизмнің жүруі мен реттелуінің молекулалық механизмін толық түсінеді. 3. Науқастың күйін бағалау үшін организмнің биосұйықтықтарының негізгі биохимиялық тұрақтылары туралы өте жақсы
--	--	---	---	--	--

					білімді көрсетеді. 4. Мүшелер мен тіндердің химиялық құрамы мен биологиялық функциялары туралы тамаша білімді көрсетеді, олардағы зат алмасу ерекшеліктерін талдайды. 5. Ксенобиотиктерді, оның ішінде дәрілік препараттарды залалсыздандыру кезеңдерін сауатты, анық, рет-ретімен талдайды. Ағзадағы химиялық канцерогенездің ерекшеліктері туралы тамаша
--	--	--	--	--	---

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
«Медициналық биохимия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)		34 беттің 19 беті

					білімді көрсетеді және алған білімдерін болашақ кәсіби қызметте қолдануға қабілетті.
